

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ "№72 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ"
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №72"
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы, 25,
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

Республика Казахстан, 010000,
город Астана, ул. Ахмет Байтұрсынұлы, 25,
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

№ 251

03.10.23

Қазақстан Республикасы ТЖМ
Астана қаласының ТЖД
Алматы ауданының Төтенше
жағдайлар басқармасының
бастығы Н.Е. Омаровқа

**«№ 72 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» ШЖҚ МКК-де
террорлық қауіпке және өртке қарсы эвакуациялық
жаттығулардың өткізілгендігі туралы
ЕСЕП ҚҰЖАТЫ**

Астана аумақтық кіші жүйелерінің азаматтық қорғанысын жетілдіру бойынша 2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар жоспарына сәйкес «№72 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК-нің 1-корпусында (Байтұрсынов к-сі 25) 2023 жылғы 28 қыркүйекте екі ауысыммен «Сырт белгілері жарылғыш затқа ұқсайтын күмәнді затты тауып алу туралы хабар түскен кезде оқушылар мен мұғалімдерді қауіпсіз аумаққа эвакуациялау» тақырыбы бойынша нысандық жаттығу өткізілді (№1 қосымша).

Осы мектеп-лицейдің 2-корпусында (Нәжіметденов к-сі 10/5) 2023 жылғы 29 қыркүйекте екі ауысыммен «Төтенше жағдай туындағанда атқарылатын іс-қимылдар. Өрт қаупі пайда болған кезде оқушылар мен мұғалімдерді қауіпсіз аумаққа эвакуациялау» тақырыбы бойынша нысандық жаттығу өткізілді (№2 қосымша).

Қосымша: Фото материалдар мен жаттығулар мазмұны, №1 және №2-қосымшалар, 5 бетте.

Директор



А. Дюсенова

Орынд. Қ.Солтанов, тел.: 8-701-756-03-08

**«Сырт белгілері жарылғыш затқа ұқсайтын күмәнді затты тауып алу туралы хабар түскен кезде оқушылар мен мұғалімдерді қауіпсіз аумаққа эвакуациялау» тақырыбы бойынша өткізілген
НЫСАНДЫҚ ЖАТТЫҒУ**

Жаттығу №72 мектеп-лицейінің Байтұрсынов к-сі 25 мекенжайында орналасқанғы 1-корпусында, 2023 жылдың 28 қыркүйегінде, сағат 12.30 - бірінші ауысыммен, сағат 18.30 - екінші ауысыммен өткізілді.

Эвакуация орны: мектеп-лицей стадионы.

Іс-шараның мазмұны.

Жаттығудың «аңызына» сәйкес, 12 сағат 25 минутта (17 сағат 55 минутта) белгісіз біреу мектеп-лицейдің ғимаратына беті жабысқақ таспамен (скотчпен) жабылған картон қорап алып кірді.



Өзін мектеп күзетшісінің байқап қалғанын көрген бейтаныс адам қорапты кіре беріске тастай салып, тысқа қарай қаша жөнелді.



Болған оқиға туралы мектеп-лицей басшылығы мен құзырлы органдар құлақтандырылғаннан кейін қорapтың жан-жағы қоршалып, алыстан бақылауға алынды.



12 сағат 30 минутта мектеп-лицей ішінде дабыл белгісі беріліп, персонал мен оқушылар құрамын қауіпсіз аумаққа эвакуациялау басталды.



Эвакуация орны ретінде корпус ғимаратынан 200 метр қашықтықта орналасқан мектеп-лицей стадионы белгіленген.



Жаттығулар барысында барлық оқушылар мектеп ғимаратынан белгіленген уақытта жедел түрде шығарылды. Қауіп-қатер орны мен эвакуация жолдары дұрыс белгіленді. Техникалық қызметкерлер барлық апаттық шығу жолдарын дер кезінде ашып дайындады.

Эвакуация барысында қауіпсіздік шаралары толық сақталды, жарақат алушылыққа жол берілмеді.

Эвакуация белгісі берілгеннен кейін арада бес минут уақыт өткенде мектеп-лицей басшылығына 2095 оқушы мен 98 оқытушының қауіпсіз аумаққа эвакуацияланғандығы туралы баяндалды.

Мектеп-лицей директоры А.Ж. Дюсенова оқушыларға іс-шараның мақсатын жеткізіп, жаттығуларды қорытындылады.



**«Төтенше жағдай туындағанда атқарылатын іс-қимылдар. Өрт қаупі пайда болған кезде оқушылар мен мұғалімдерді қауіпсіз аумаққа эвакуациялау» тақырыбы бойынша өткізілген
НЫСАНДЫҚ ЖАТТЫҒУ**

Өрт дабылы туралы дыбыстық хабарлама сағат 12.30-да және 18.00-де берілді.



Оқушылар мен персоналға өрт тұтану орыны мен эвакуация жолдары белгіленді. Техникалық қызметкерлер барлық апаттық шығу жолдарын дер кезінде ашып дайындады.



Оқытушылар және оқушылар құрамы ғимаратты 3 минут 52 секундта толық тастап шықты.



Ғимаратты тастап шыққан сыныптардың жетекшілері оқушыларды тізім бойынша түгендеп, мектеп басшылығына баяндады.



Эвакуация барысында қауіпсіздік шаралары толық сақталды, жарақат алушылыққа жол берілмеді.

